





John Locke

(Джон Локк)



John Franklin
Джон Франклин





Джон Локк
ағылшынша. *John Locke*


Жалпы мағлұмат


Қайтыс болған күні:	28 қазан 1704
Қайтыс болған жері:	Эссекс, Англия

Шығармашылығы


Мектеп/дәстүр	Эмпиризм
Бағыты:	Ағылшын философиясы
Кезең:	XVII ғасыр философиясы
Негізгі қызығушылығы:	Метафизика, Эпистимология, Саяси философия, Білім жүйесі
Негізгі пікірі:	Tabula rasa, « government with the constant of the governed» , бостандық және меншік
Ықпал еткендер:	Платон, Аристотель, Фома Аквински, Рене Декарт, Томас Гоббс
Ықпалды жалғастырушылар:	Джордж Беркли, Давид Юм, Имануэл Кант, Артур Шопенгауэр

Джон Локк (1632-1704 жж.) - XVII ғ. философия ғылымына зор әсерін тигізген ұлы ағылшын ғалымы. Оксфорд университетінде оқып, білім алған. Алғашында медицина ғылымымен айналысып, соңында саясатқа бетбұрыс жасаған. Өмірінің соңғы кезеңінде философияға көп көңіл бөлген тұлға.






«Мемлекетті басқару жөніндегі екі трактат»
1689



«Тәрбие жөніндегі кейбір ойлар»
1893



«Адамның зердесі жөніндегі тәжірибелер»
1989

Онтологиялық мәселелер

Өзінің Дүниеге деген жалпы көзқарасында Дж. Локк тәжірибе арқылы зерттелетін заттарды эмпирикалық субстанция дейді. Сонымен қатар ол философиялық субстанция деген ұғымды тудырады, оған ол барлық материалды заттарды жатқызады.

Материя - орасан зор өлі кесек, ол өзінің күшімен ең ақыр аяғы қозғалысты да тудыра алмайды. Өлі материя оның сыртында тіршіліктен де соншалықты алыс.

Онда дүниедегі қозғалысты, тіршілік әлемін кім тудырды деген заңды сұрақ пайда болады. Өз заманындағы көп ойшылдар сияқты Дж.Локк бұл арада Құдай идеясына қайтып оралады. «Осы жоғарыдағы көрсетілген қозғалыс пен тіршілік Құдайдың құдіретті күші арқылы пайда болды. Бірінші, мәңгілікті ойлайтын пенде жаратылған өлі материяның кейбіреулеріне белгілі бір дәрежедегі сезім, қабылдау және ойлау қасиеттерін беру мүмкіндігінен ешқандай қайшылықты көріп тұрған жоқпын», - дейді ұлы ойшыл. Сонымен Құдай жаратқан Дүние әрі қарай өз заңдылықтарының негізінде дамиды.

Ал Құдай мәселесінің өзіне келсек, ол жөнінде бір нәрсе айту өте қиын, әсіресе, оның денесі бар ма, иә болмаса ол таза рух па деген сұраққа ешкім жауап бере алмайды.

Бірақ оның өмір сүруінде күмән жоқ. «Жаратылған Дүниеде айқын даналық пен құдіретті күш соншалықты көрініп тұр, сондықтан кім ол жөнінде терең ойланса, Құдайдың болмысын ашпай қоймайды», - дейді ұлы ойшыл.

- Сонымен Құдай идеясына адам ойлау тәжірибесі арқылы жетеді, әрі қарай ойлау арқылы біз Құдайдың шексіздігі мен мәңгілін аша аламыз, - дейді Дж.Локк.

Сыртқы және ішкі тәжірибені бір-бірінен айырып қарағаннан кейін, Дж. Локк идеялардың бірінші және екінші сапасының бар екенін мойындайды.

Бірінші сапалар** - олар заттардан ешқашанда бөлінбейтін негізгі қасиеттер - **созылу, бітім, қозғалыс, тұрақтылық, тығыздық, заттың сандық жақтары т.с.с.

***Екінші сапалар** - әрқашанда өзгерісте, бір жағынан пайда болып, екінші жағынан жоғалып жатқан заттардың қасиеттері*



Ең маңызды шығармалары

A Letter Concerning Toleration (1689).
*Адамның санасы туралы тәжірибе (Essay
Concerning Human Understanding) (1690).*
The Second Treatise of Civil Government (1690).
Some Thoughts Concerning Education (1693).

Әлеуметтік-философиялық, саяси идеялар

Адам - бақытты өмірге ұмтылатын пенде. Ізгілік, жақсылық дегеніміздің бәрі - адамды рақатқа, қуанышты сезімге әкелетін нәрселер. Жамандық пен залымдық дегеніміз - ол адамға зардап, қайғы, өкініш әкелетіннің бәрі. Адам бақытты болуы үшін, ең алдымен оның материалдық мүдделері іске асуы қажет.

Т.Гоббс сияқты Дж.Локк та қоғамның табиғи және азаматтық ахуалы жөнінде айтады.

Табиғи жағдайда адамдар ерікті, тең, бір-бірінен тәуелсіз өмір сүреді. Табиғи ахуалдағы адамдардың өзін-өзі сақтау жолында еңбек етіп, белгілі бір байлықтардың қайнар көзін ашатындығын Дж.Локк басым айтады. Сонымен ол меншік мәселесін табиғи Жағдайдағы адаммен өзара біріктіріп, оны қоғамның мәңгілік мәселесі ретінде қарайды.

Құдай адамға бүкіл өлі және тірі табиғатты бергенмен, олар өзінің ең пайдалылығын жекеменшікке айналғанда ғана көрсете алады. Ал меншіктің өзі әуеден түспейді, оған тек қана еңбектің негізінде жетуге болады. Еңбек пен меншік қоғамның, бүкіл мәдениеттің негізін құрайды. Бір ақр өңделген жер сол көлемді өңделмеген жермен салыстырғанда 10 есе қымбат, өйткені өңделген жерге адамның еңбегі сіңген. Еңбек - қайсыбір құндылықтың, бағаның қайнар көзі.

Мемлекет мәселесіне келер болсақ, оның пайда болуы қоғамдық шартқа байланысты. Мемлекетпен бірге азаматтық ахуал пайда болады. Табиғи ахуалдан азаматтыққа өткенде, адамдардың еріктігі мен қолындағы меншігі сақталуы қажет.

Мемлекеттің негізгі мақсаты - азаматтардың меншігін қорғау. Мемлекет түнгі қарауылшыға ұқсауы қажет. Күндіз азаматтар өздерінің меншігін өз еріктерімен пайдалануы керек. Тек мемлекет олардың іс-әрекеттерінің заңға сәйкестігін қадағалап отыруы қажет.

Дж.Локк алғашқылардың бірі болып, өзінің саяси философиясында өкімет билігінің бөлінуінің қажеттілігін көрсетті. Заң билігі парламентте, атқару билігі сот пен армияда, федеративтік билік (басқа мемлекеттермен қарым-қатынас орнату) король мен үкіметтің қолында болуы қажет.

Дж.Локк өз заманының ойшылы ретінде діннің мемлекеттен бөлінуін, бір-бірінің істеріне өзара қол сұқпау керектігін басым көрсетеді. Адамдар басқалардың да дінін сыйлауы қажет, бұл салада үлкен төзімшілдік керек, өйткені қайсыбір қоғам діни-рухани тірексіз өмір сүре алмайды.

Міне, осымен XVI ғасырда өмір сүрген ең ұлы философтардың Дүниеге деген көзқарастарын осымен аяқтап, келесі сөзді XVIII ғасырға береміз.

**НАЗАР
АУДАРҒАНДАРЫҢЫЗҒА
РАХМЕТ !!!!**

